

«БЕКІТЕМІН»

№7 Бетқайнар колледж

директоры

Т. Е. Алимбаева

2023 жыл

Handwritten signature

«



**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы №7 Бетқайнар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ӘДЕП КОДЕКСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Берілген Кодекстың нормасы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы №7 Бетқайнар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының педагог қызметкерлеріне (одан әрі - №7 Бетқайнар колледжі), яғни атқаратын лауазымы мен құрылымдық бөлімшелеріне қарамастан барлық педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлері, әкімшілік қызметкерлеріне арналған.

Этикалық кодекс педагог кәсіби қызметінің қоғамда бағдар береді. Кодекс ережелері педагогтың тәртібі көрсетілген құқықтық нормаларымен, білім беру стандартымен және басқа нормативтік актілермен өзара байланыста қарастырылуы қажет. Дегенмен кәсіби міндеттерін орындаудың этикалық тәртіп мәселесі осы Кодекс арқылы шешіледі.

2. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕР ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫ

2.1. Педагог қызметкер және білім алушы сапалы көмек алуға құқығы.

Педагог қызметкер әрбір білім алушының тартып алынбайтын құқықтарын құрметтеп, олардың сапалы білім алуларына қол ұшын тигізулері қажет.

Педагог білім алушыға адамгершілік қағидасы мен кәсіби стандарттарға сай сапалы білім беруге міндетті. Педагог қызметкерге қоғам алдында өз қызметі үшін моральдық жауапкершілік жүктеледі. Педагог қызметкердің кәсіби мен этикалық міндеті білім алушыға білім беру стандарттарына сәйкес білім беру қызметін көрсетеді.

2.2 Педагог қызметкердің негізгі шарты-кәсіби шеберлігі.

Өзінің кәсіби білімі мен шеберлігін үздіксіз ұштастыру, өз мәдени деңгейін көтеру педагог қызметкердің ең басты кәсіби борышы. Әрбір педагог қызметкер білім алушының моральдық және заңды құқықтарын жете білулері керек.

2.3 Білім алушыға адамгершілікпен қарау, оның заңды құқықтарын құрметтеу.

Педагог қызметкер ең алдымен білім алушының сапалы білім алуына білім деңгейін жетілдіруге міндетті.

Педагог қызметкердің білім алушыны қорлауға, жазалауға қатысуға және оларға басқа да мейірімсіздік көрсетуге мүмкіндік туғызуға құқығы жоқ.

2.4. Білім алушының адамгершілік ар – намысын құрметтеу.

№7 Беткайнар колледжінің педагог қызметкері білім алушының жасы мен жынысына, сыркатына, ұлты мен нәсіліне, діні мен саяси сеніміне, әлеуметтік немесе материалдық жағдайына және т.б. қарамастан оларға тиісті білім алуына үнемі дайын болуы қажет.

Білім алушыға көкірек көрсетіп, елемеушілік танытуға, оларды кемсітуге рұқсат етілмейді.

Педагог қызметкер білім алушыға өзінің моральдық, діни нанымдары мен сенімдерін айтуға құқығы жоқ. Педагог білім туралы заңы мен білім беру стандарттарын басшылыққа алады.

2.5. Білім алушының мәлімет алуға құқығы

Педагог қызметкер адал және шыншыл болуы шарт. Ол білім алушының білім алуы туралы, білім беру туралы мәлімет алу құқығын құрметтеуге міндетті.

Педагог қызметкер білім алушыға теріс әсер ететіндей мәлімет беруге құқығы жоқ.

3.ӨЗ КӘСІБІНЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ.

Педагог қызметкер өз кәсібінің абыройы мен беделін биік ұстау керек. Колледждің ішкі ережелерін сақтау және жарғыны бұзбау әр қызметкердің жекеленген борышы болып табылады. Педагог қызметкердің құқығы мен борышы - өзінің моральдық, экономикалық және кәсіби тәуелсіздігін қорғау. Педагог қызметкер білім алушының адамгершілігіне шек келтірмейтін болса әділдік пен парасаттылық қағидаларына қайшы келмесе және құқықтық нормалар бұзылмаса, білім алушының ата – анасынан немесе заңды өкілдерінен алғыс алуына болады.

4. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТЕР.

Педагог қызметкер өзара қатынаста шыншыл, әділ және парасатты болып, әріптестерінің білімі мен тәжірибесін, олардың білім беру үрдісіндегі үлесін ардақтап, құрмет тұтулары қажет. Әріптесінің беделін түсіру жолымен өз атағын шығару - педагогикалық этикаға жат қылық. Оқытушы мен өндірістік оқыту шеберлерінің өзара қатынасындағы дөрекілік, әдепсіз қылықтар педагогикалық этикамен айыпталады. Егер педагог қызметкер білім беру процесінде орынсыздығына күмән келтірсе, ол бұл жайтты әуелі сол педагогпен талқылайды. Егер сол күмәнінен арылмаса, кейін жоғары тұрған басшылыққа жүгінуі қажет.

5. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРІ ЖӘНЕ ҚОҒАМ.

5.1. Қоғам алдындағы жауапкершілік.

Әрбір педагог қызметкердің моральдық борышы білім алушыларға сапалы білім беру қызметін көрсету. Колледждің әрбір педагог қызметкері білім алушыларға білім алу және ақпараттау жұмыстарына белсенді қатысуы тиіс.

Педагог қызметкер өзінің атақ – абыройын қорғауға (егер оның атына «кір» келтірілсе); кәсіби дайындығына сәйкес уақытын біліктілік санатын алуға; кәсіби міндеттеріне немқұрайлы қараудан басқа кәсіби қателіктерден сақтану үшін шара қолдануға; денсаулығына байланысты өзінің кәсіби міндеттерін орындауға мүмкіндігі болмаған кезде қайта кәсіби даярлықтан өтуге; педагог қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында қаралған жеңілдіктерді уақытында алу үшін толыққанды көмек алуға құқығы бар.

6. «ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ» ӘРЕКЕТІ, ОНЫҢ БҰЗЫЛУЫНА ЖАУАПКЕРШІЛІК.


6.1. «Этикалық заңнама» әрекеті - Осы заңнама талаптары колледждің барлық қызметкеріне тиісті.

6.2. «Этикалық заңнаманың» бұзылуына жауапкершілік - Заңнама нормаларын бұзғандарға төмендегі шаралар қолданылуы мүмкін:

- Ескерту;

- Атқаратын кәсіби қызметіне толық сай еместігі туралы алдын-ала ескерту;

- Жұмыстан босату.

№7 Бетқайнар колледж директорының ТІЖО  Д. Картамбаев